

АРНАЙЫ БАСЫЛЫМ

ПРЕЗИДЕНТ ЕЛІМІЗДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде инфляцияға жол бермеу атқарушы биліктің басты міндеттерінің бірі екенін, бірақ оның орындалмағанын айтты.

– Бұл ел Үкіметінің келесі құрамының және министрлер кабинетінің жаңа басшысының ең басты міндеті болады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтік комиссияға, құқық қорғау органдарына және Маңғыстау облысының әкіміне жағдайды тұрақтандыру жұмыстары үшін алғыс білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде қалыптасқан күрделі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға тоқталып, сұйытылған газ бағасының артуына байланысты халықтың наразылығын тудырғаны үшін Үкімет, соның ішінде, Энергетика министрлігі, сондай-ақ «Қазмұнайгаз» бен «Қазақгаз» кәсіпорындары кінәлі екенін айтты.

Мемлекет басшысы Алматы қаласы мен Маңғыстау облысында төтенше жағдай енгізілгеннен кейін ахуалдың біртіндеп түзелетінін атап өтті. Сондай-ақ жағдайды тұрақтандыруға қатысты тапсырмалар берілгенін, бұл ретте негізгі салмақ өз міндеттерін мінсіз атқарып жатқан Ішкі істер министрлігіне, Жедел әрекет ететін арнайы жасаққа және Ұлттық ұланға артылып отырғанын мәлімдеді.

Президент өзінің былтыр маусым айында, Маңғыстау облысындағы «Қазақ газ өңдеу зауыты» базасында сұйытылған газ өндіретін жаңа зауыт салу жөнінде берген тапсырмасының орындалу барысын сынға алды.

– Қазіргі уақытта жобаның тек техникалық-экономикалық негіздемесі ғана дайындалған. Оны қаржыландыру мәселесі шешілмеген. Екіншіден, сұйытылған газды тарату және саудаға шығарудың қазіргі тәртібі пысықталмаған. Электронды сауда барысында бағаның өсуін шектеу тетіктері қарастырылмаған. Нәтижесінде Энергетика министрлігі электрондық сауда бойынша жедел әрекет етіп, оны ауыздықтай алмаған, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев аталған саланы реформалауға қатысты жүйелі әдістің жоқ екенін атап өтті.

– Ешкім өзін үнемі шығынға ұшырата бермейтінін түсіну маңызды. Еліміз газ және газ өңдеу салаларында инвестициясыз, тіпті газсыз қалуы да мүмкін. Сондықтан жүйелі, бірақ ойластырылған және кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын реформалардан басқа жол жоқ. Алдағы уақытта газ саласын сапалы түрде қайта қарап, ішкі нарықты тауарлық газбен толыққанды қамтамасыз ету керек, – деді Мемлекет басшысы.

Осыған байланысты Президент қазіргі жағдайды

тұрақтандыруға бағытталған ең алдымен атқарылатын шаралар туралы баяндады.

– Біріншіден, мен Маңғыстау бойынша Үкіметтік комиссияның ұсынған шаралар кешенін мақұлдаймын. Екіншіден, монополияға қарсы органға Кәсіпкерлік кодекстің 119-бабына сәйкес сұйытылған газдың бағаларын 180 күнге уақытша бағалық реттеуді енгізуді тапсырамын. Облыстарда халық үшін шекті бағалар өткен жылдың соңындағы баға деңгейінен аспауға тиіс. Үшіншіден, Үкіметке сұйытылған газды электрондық сауда алаңдары мен биржалар арқылы өткізуге толық көшуді бір жылға шегеруді тапсырамын. Осы кезеңде нормативтік-құқықтық базаны мұқият әзірлеп, сауда алаңдары жұмысының ашық болуын қамтамасыз ету, бағаның күрт өсуін шектеу тетіктерін енгізу қажет. Төртіншіден, Бас прокуратураға бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірлесіп, бағалық сөз байласу мен өзге де бәсекелестікке қарсы іс-әрекеттерге қатысты тергеу жүргізуді тапсырамын. Тергеуді жедел жүргізіңіз. Жиырма күн ішінде есеп беріңіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық құрылысы өзгермейтінін айтты. Оның пікірінше, унитарлық, заң үстемдігі, жеке меншік құқығын құрметтеу және нарықтық экономика мемлекеттік саясатымыздың басты қағидаттары болып қала береді.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін бірқатар қосымша тапсырма берді:

1. Мұнай өнімдерінің (бензин, дизель, сұйытылған газ) бағасына мемлекеттік реттеуді 180 күнге енгізу;

2. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы бойынша мемлекеттік реттеуді енгізу. Шешімді нақты аймақтағы әлеуметтік-экономикалық жағдайға қарай өңірлердің әкімдері қабылдайды;

3. «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңды әзірлеуге кірісу;

4. Халық үшін 180 күнге коммуналдық тарифтерді көтеруге мораторий енгізу қажеттігін қарастыру;

5. Халықтың әлеуметтік жағдайы нашар топтары үшін нарықтағы баспананы жалға алу құнын субсидиялау мәселесін қарастыру;

7. Денсаулық сақтау және балалар мәселелерін шешу үшін «Қазақстан халқына» деп аталатын қоғамдық қор құру, оны мемлекеттік және жеке көздер арқылы қаржыландыру.

egemen.kz

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ КЕЗЕҢІНДЕ ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АУМАҒЫНДА ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ

«Төтенше жағдай енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 05.01. №745 Жарлығына және «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13,15,16-баптарына сәйкес, төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалыпты жағдайға келтіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысы шекараларында 2022 жылғы 5 қаңтар 22 сағат 00 минуттан 2022 жылғы 19 қаңтар 00 сағат 00 минутқа дейінгі кезеңде төтенше жағдай енгізілсін.

2. Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысында төтенше жағдай кезеңінде 23 сағат 00 минуттан 7 сағат 00 минутқа дейін коменданттық сағат енгізілсін.

3. Төтенше жағдай кезеңінде келесі шаралар және уақытша шектеулер енгізілсін:

1) қоғамдық тәртіпті қорғау, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілерді күзету, сондай-ақ халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін объектілердің және көліктің жұмысы күшейтілсін;

2) мемлекеттік шекара, өткізу пункттері және оған іргелес жатқан аумақтар күшейтілсін;

3) Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысында еркін жүріп-тұруға, оның ішінде көлік құралдарының еркін жүріп-тұруына шектеу бекітілсін;

4) Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысы шекараларында бақылау-өткізу режимі және жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеру, жеке қарау, алып жүрген заттарын, көлік құралдарын тексеру ұйымдастырылсын;

5) Петропавл қаласына және Солтүстік Қазақстан облысына кіру, сондай-ақ одан шығу шектелсін, келесілерді қоспағанда:

а) халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың қызметкерлері;

б) медициналық көрсетілім бойынша кіретін және шығатын адамдар;

в) стационарларда емделудегі адамдардың шығуы;

г) транзиттік жүк көлігі;

д) жұмыс орнынан анықтама көрсеткен кезде жұмыс орнына баратын адамдардың көлігі;

е) тұрғылықты тұру орнына баратын адамдар;

6) жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен ереуілдер, сондай-ақ ойын-сауық, спорттық және басқа да іс-шараларды өткізуге тыйым салынсын;

7) көтерілістер және заңды тұлғалардың қызметіне кедергі келтіру немесе тоқтатудың өзге де тәсілдеріне тыйым салынсын;

8) көшірме жасау-көбейту техникасын, радио- және телетаратқыш аппаратураларды, аудио-фото және бейнежазба жүргізетін техникаларды пайдалану шектелсін, сондай-ақ дауыс зорайтқыш техникалық құралдарын уақытша алып қою жүзеге асырылсын;

9) қару, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, арнайы құралдарды, улы заттарды сатуға тыйым салынсын, дәрілік, есірткі заттары, психотроптық заттар, прекурсорлардың айналымына ерекше режим белгіленсін;

10) жарылғыш, радиоактивті, сондай-ақ химиялық және биологиялық қауіпті заттарды қолданатын заңды тұлғалардың қызметі тоқтатылсын;

11) Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысы аумағында этил спирті мен алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салынсын;

12) Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы көңіл көтеру, ойын-сауық орындарының, дәмханалар, мейрамханалар, барлардың сағат 10-00-ден 18-00-ге дейін алкоголь өнімдерін сату құқығынсыз жұмысы шектелсін;

13) республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда орналасқан жол бойындағы дәмханалардың жұмысы тоқтатылсын;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да шектеу шаралары.

Солтүстік Қазақстан облысының коменданты
полиция генерал-майоры Марат Төлебаев.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚҰМАР АҚСАҚАЛОВТЫҢ ҮНДЕУІ ОБРАЩЕНИЕ АКИМА СЕВЕРО – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ К.АҚСАҚАЛОВА



ҚЫМБАТТЫ ЖЕРЛЕСТЕР!

Елімізде соңғы күндері орын алған жағдай бәрімізге үлкен сын болды. Қазір баршамызға мемлекетімізді сақтау міндеті тұр. Президент елдегі ахуалды тұрақтандыру үшін бірқатар тапсырмалар беріп, нақты қадамдар жасады.

Еліміздің кейбір қалаларында қиын ахуалды өз мақсатына пайдаланған криминалдық топтар да болды. Олар тәртіпсіздік пен заңсыздыққа барды. Адамдар шығыны бар.

Облысымызда лаңкестік қауіптің бетін қайтару үшін тиісті күштер мен ресурстар жеткілікті. Негізгі мемлекеттік органдар штаттық режимде жұмыс істеуде. Біздің міндет – облыстағы маңызды нысандардың жұмыс істеуін және тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз ету.

Бесінші қаңтардан бастап елімізде, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысында да Төтенше жағдай енгізілді. Бірқатар шектеулер болады.

Бұл туралы біздің облыс бойынша комендант, полиция департаментінің басшысы Марат Төлебаев бейне үндеуінде нақты айтады.

Осы орайда, солтүстікқазақстандықтарды арандатушылыққа бой алдырмауға шақырамын. Бұл күндері өңір тұрғындары елдің тыныштығын бұзатын әрекеттерге барған жоқ. Жоғары мәдениеттілік пен сауаттылық танытты.

Бізге облыс аумағында заңсыздыққа барғысы келетін кейбір адамдар туралы ақпарат келуде. Бұл әрекеттер қатаң жазаланып, заңды бұзғандар жауапқа тартылады.

Жерлестеріме айтарым, бүгінгі жағдайға түсіністікпен қарау қажет. Бұл уақытта қиындықтар, оның барлығын бірігіп жеңеміз.

Алдағы уақытта да сабырлық танытуға шақырамын. Елдегі бейбітшілікті сақтау үшін тәртіп сақшыларына барынша көмектесу қажет. Облыстағы жағдай туралы сіздерге жиі баяндайтын боламын.

УВАЖАЕМЫЕ СЕВЕРОКАЗАХСТАНЦЫ!

События последних дней – большое испытание для всей страны. На кону наше единство, судьба нашей молодой республики. Президентом предприняты все меры и даны поручения по недопущению эскалации ситуации в стране.

В нескольких городах группа криминальных элементов пошла на незаконные, нарушение общественной безопасности, мародерство и убийство людей. В Алматы орудут настоящие вооруженные боевики и бандиты, нападают на социальные объекты, гражданские лица, уничтожают чужое имущество.

В нашей области имеются достаточные силы и средства для отражения возможных террористических угроз. Основные государственные органы работают в штатном режиме. Наша задача – обеспечить бесперебойную работу объектов жизнеобеспечения и продовольственную безопасность. В целом, ситуация находится под контролем.

С 5 января по всей стране, в том числе в нашей области, действует режим Чрезвычайного положения. Будут некоторые ограничения. Об этом в ходе своего видеобращения подробно расскажет комендант по нашей области, начальник департамента полиции Марат Төлебаев.

В этой связи, хочу призвать североказахстанцев, не поддаваться провокациям, не вестись на призывы деструктивных групп. За последние дни жители области проявили высокую гражданскую ответственность и политическую грамотность. Вместе с тем, к нам поступает информация о некоторых призывах к насильственным действиям на территории нашей области со стороны отдельных лиц. Все эти попытки будут жестко пресечены и виновные лица понесут ответственность.

Сегодня я обращаюсь ко всем землякам с просьбой проявить понимание к сложившимся ограничениям и не поддаваться каким-либо провокациям. Это временные трудности, которые мы сможем преодолеть вместе.

Прошу жителей помогать сотрудникам правоохранительных органов для обеспечения безопасности и сохранения спокойствия.

Я буду регулярно Вас информировать о развитии ситуации.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТТАРҒА СЕНБЕЙ, ТЕК ҚАНА РЕСМИ МӘЛІМЕТ КӨЗДЕРІНЕ СЕНІҢІЗДЕР

– Құрметті Берік Уәлиұлы, Мемлекет басшысының кейінгі шешімдері мен үндеулері бойынша блогосферада әртүрлі сипаттағы түсіндірмелер жарияланып жатыр. Бүгін осы мәселеге қатысты мәлімдеме жасадыңыз. Тарқатып айтып берсеңіз. – Иә, Президенттің шешімдері мен үндеулері бойынша блогосферада әртүрлі сипаттағы түсіндірмелер көбейіп кетті. Осыған байланысты бүгін арнайы мәлімдеме жасау қажет деп санадым. Себебі Қасым-Жомарт Тоқаев – мемлекетіміздегі ең жоғары лауазымды тұлға және Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы. Сондықтан Мемлекет басшысы дербес шешім қабылдайды. Конституциялық құрылымға нұқсан келтіруді көздеген содырлардың Қазақстанға шабуыл жасаған қайғылы күндері де солай болған. Қасым-Жомарт Кемелұлы отандастарымызға арнаған өзінің үндеулерін кеңесшілердің көмегімен әдеттегідей өзі жазды. Осы сәтті пайдалан отырып, тағы да айтқым келеді: Мемлекет басшысының жұмысы туралы ақпаратты таратып, түсіндіруге Президенттің Баспасөз хатшысынан басқа ешкімнің хақысы жоқ. Яғни, мен ғана ақпарат таратамын. – Бірнеше күн бойы елімізде болған төтенше оқиғалар мен террорлық әрекеттер жағдайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрбір шешімін халық, тіпті шетелдік ақпарат құралдары жіті бақылап отыр. Мұндай қиын кезде Жоғарғы Бас қолбасшыға да оңай емесі анық. Президенттің жұмысын баспасөз қызметі таратып жатқан ақпараттардан оқып, біліп отырмыз. Ақордадан күні-түні ақпарат түсіп жатыр. Осы күндері Баспасөз қызметін негізгі ньюсмейкер болғанын жасыра алмаймыз. Мемлекет басшысы қандай жағдайда жұмыс істеп жатыр?

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Маңғыстауда басталып, 4 қаңтарда ауқымы кеңейіп, соңы террорлық шабуылға ұласқан сәттен бастап Ақордада жұмыс істеуде. Мемлекет басшысы күні-түні нон-стоп режимінде жұмыс істеп, елдегі жағдайды толық бақылауында ұстап отыр. Өздеріңіз де көріп отырсыздар, жағдай шиеленіскен тұста елді тұрақтандыру үшін дер кезінде батыл шешімдер қабылдап, халыққа эфир арқылы үндеулерін жолдауда.

– Өзіңіз айтып отырған 4 қаңтар күні кешке қарай жағдай күрделеніп, елді үрей биледі. Дәл сол сәтте Ақордада қандай оқиғалар болды?

– Түнгі сағат 11-лерде Президент елде қалыптасқан жағдайды халыққа баяндап, Үндеу арнайтыны белгілі болды. Жұмысқа 10 минутта шұғыл жеттім. Шынын айту керек Мемлекет басшысы сол жерде компьютерде мәтін теріп отырған хатшысына сөйлейтін сөзін ауызша айтып тұрды. Баспасөз қызметі камераларды қойып, дыбысын реттеп жылдам ұйымдастырып, Қасым-Жомарт Кемелұлының мәлімдемесін таспаға түсірдік. Президенттің халыққа арнаған сөзін бірден республикалық телеарналарға жолдадық. Сол бірінші Үндеуінде Мемлекет басшысы: «Азаматтық және әскери мақсаттағы қызметтік ғимараттарға шабуыл жасауға үндейтін ұрандар мүлдем заңға қайшы келеді. Бұл – өрескел қылмыстық әрекет. Билік құламайды!», - деп нақты шегелеп айтты.

Сол сәттен бері Президенттен бастап бәріміз әлі жұмыста жүрміз. 5 күн болды. Ақордада түнеп, жұмыс істеп, бір сөзбен айтқанда сол жерде ақпарат таратып жатырмыз. Басшылық резиденцияда елдегі жағдайды бақылап, күні-түні шұғыл шешімдер қабылдауда. Мемлекет басшысы осындай сын сағатта халықпен бірге боламын деді, сөзінде тұрды.

– Жаңа 2022 жылдың алғашқы күндері тарихымыздағы қиын күндер боп есте қалатыны анық. Президенттің қиын шақта жылдам әрі батыл түрде шешім қабылдағанын халық жақсы қабылдап, қолдау білдіріп жатыр. Осы күндері болған Мемлекет басшысы жұмысының хронологиясын толығырақ айтып берсеңіз.

Иә, дұрыс айтасыз. Бұл күндер – шынымен де естен кетпейтін тарихи сәттер. Айтып өткенімдей, Қасым-Жомарт Кемелұлы бірден жағдайды толық бақылауына алды. 5 қаңтар күні шамамен түнгі сағат 2-де Маңғыстау облысы мен Алматы қаласына Төтенше жағдай енгізу туралы Жарлыққа қол қойды. Сағат 5:30-да мені Президент кабинетіне шақырды да сағат 7:00-де шұғыл жиын өтетінін, Өзі Премьер-министр Асқар Маминнің отставкасын қабылдағанын айтты. Мемлекет басшысы маған жиын басталған сәтте Ақорданың ресми сайтына Үкіметтің отставкасы туралы бірден ақпарат шығаруына керектігін тапсырды. Одан кейін 15 минуттан кейін Мемлекеттік хатшы Ерлан Қаринды тағайындау, тағы 15 минуттан кейін ҰҚК бірінші орынбасары Мұрат Нұртілеуді тағайындау туралы Жарлықтар уақытылы жариялануы керек деген тапсырма берді. Сосын маған «Сағат қазір 6 болды. Бір сағатың бар пресс-релиздеріңді әзірлей бер», - деді. Сол тапсырмаға сәйкес біз сайтымыз арқылы ақпараттарды уақтылы халыққа тараттық.

Президент елдегі жағдай ушығып бара жатқаннан кейін сол күні түс кезінде Нұр-Сұлтан қаласы мен Алматы облысына Төтенше жағдай енгізу туралы шешім қабылдады.

Сол 5 қаңтар күні түс ауа Қасым-Жомарт Кемелұлының Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болғаны белгілі болды. Эфир арқылы халық алдына шығып, екінші Үндеуін жариялайтынын айтты. Сол Үндеуінде Президент: «Бұзақы топтардың әрекеттері жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын көріп отырмыз. Бұл қаржыландырылған бүлікшілердің жан-жақты ойластырылған жоспары екенін дәлелдейді. Бұл – қаскөйлердің қитұрқы әрекеті. Сондықтан Мемлекет басшысы және бүгіннен бастап Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы ретінде барынша қатаң әрекет етемін. Бұл – өмірін қорғап қалуға өтініш білдірген көптеген

азаматымыздың қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігіне тікелей қатысты. Халық мені қолдайтынына сенімдімін. Қандай жағдай болса да мен елордада боламын. Халықпен бірге болу – менің Конституциялық міндетім», - деп қадап айтты.

Бұл Үндеу сол 5 қаңтар күні кешкі 6 жарымда шықты.

Осы мәлімдемеден кейін Қазақстан Президенті Республиканың барлық аймағына Төтенше жағдай енгізу туралы Жарлықтарға қол қойды. Кешке қарай Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына мүше мемлекеттер басшыларымен телефон арқылы сөйлесті.

Ал түнгі 11 жарымда Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы ретінде алғашқы отырысын өткізді. Жиында Президент: «Бұл – қауіп қана емес, бұл – мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіру, азаматтарымызға шабуыл жасау. Олар менен, Мемлекет басшысы ретінде тез арада өздерін қорғауды сұрайды. Азаматтарымыздың игілігін, қауіпсіздігі мен тыныштығын ойлау – менің Конституциялық міндетім. Сондықтан ҰҚШҰ-дағы әріптестеріме білдірілген өтініш – уақытылы әрі толығымен дұрыс қабылданған шешім», - деп мәлімдеді.

Қауіпсіздік Кеңесінің отырысынан кейін 1 сағаттан соң Президент бірқатар аса маңызды кадрлық өзгерістер жасады. Атап айтқанда Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы болған Кәрім Мәсімовтің орнына Ермек Сағымбаевты және Мемлекеттік күзет қызметінің басшысы етіп Сәкен Исабековті тағайындады. 6 қаңтар күні Үкіметке 10 нақты әрі шұғыл тапсырма берді. Сол жерде бәрі қамтылған.

7 қаңтар күні таңғы сағат 7:00-де Қасым-Жомарт Кемелұлы Лаңкестікке қарсы штабтың отырысын өткізді. Сол күні түскі сағат 2 жарымда Қазақстан халқына кезекті Үндеуін жасады. Сол Үндеуінде Президент: «Террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда.

Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім. Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын», - деді. Халық осындай батыл мәлімдеме күтіп отырса керек, бірден қолдап кетті. Көпшілік күткен шешуші мәлімдеме болды деп ойлаймын.

8 қаңтарға қараған түні Мемлекет басшысы өзінің твиттердегі парақшасына елдегі ахуалды әлемдік қауымдастыққа жан-жақты түсіндіретін ағылшын тіліндегі бірнеше твит жария етті. Ал таңертең сағат 8 жарымда Лаңкестікке қарсы штабтың кезекті отырысын өткізді. Күндіз Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушы Юрий Ильинді қабылдады. Түскі үзіліс кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей және Беларусь елдерінің президенттерімен телефон арқылы сөйлесті. Сол күні «террористік актілердің салдарынан адамдардың қаза болуына байланысты Қазақстан Республикасында 2022 жылғы 10 қаңтарда жалпыұлттық аза тұту жариялансын», - деген Өкімге қол қойды. Ертең қаралы күн. Тү төмен түсіріліп, қаза болған азаматтарды еске аламыз. Ал кешке қарай бірқатар кадрлық тағайындаулар жасады.

Бүгін таңғы 8-де Мемлекет басшысы Лаңкестікке қарсы штабтың кезекті отырысын өткізді. Осы отырыста тәртіпсіздіктердің салдарынан келген шығындарды қалпына келтіру үшін Үкіметтік комиссия құруды тапсырды.

Қазір есептеп қарасақ, Мемлекет басшысы 4 қаңтардан бері 100-сағаттан астам демалыссыз, үзіліссіз жұмыс істеп жатыр екен. Өздеріңіз байқап отырғандай, соңғы аптадағы Президенттің жұмыс хронологиясын қарасаңыз берілген тапсырмалар мен қабылданған шешімдері, өткізген жиналыстары күндізгі жұмыс уақытына байланбай, күнде де, түнде де үздіксіз болып жатыр.

– Осындай қарқынмен еңбек етіп жатқан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шын мәнінде күні-түні елдегі жағдайды өзі бақылап отыр. Алда бұдан көп қуруар шаруа күтіп тұр. Мемлекет басшысы қашан демалады?

– Елдегі ахуалды көріп отырсыздар. Ең ауыр кезеңі артта қалған сияқты. Конституциялық заңдылықтар барлық аймақта қалпына келіп жатқанын Мемлекет басшысы мәлімдеді. Әрине, бұл жағдай Президенттің елдің қауіпсіздігін кірпік қақпай қорғағанының нәтижесінде оңалып келеді. Өзінің Үндеуінде осы кезде қолдау білдірген барша қазақстандыққа шынайы алғысын білдірген болатын. Менің біліуімше, осы күрделі күндері Қасым-Жомарт Кемелұлы тәулігіне 1 немесе 2 сағат қана көз шырымын алып қана еңбектеніп жүр. Тіпті бір-екі күн бұрын таңғы жиналыстың алдында «бүгін 2 сағат демалдым, бұның өзі жақсылықтың белгісі», - дегені бар.

– Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы туралы сұрағым келеді. Бітімгерлік күштердің миссиясы қандай болмақ?

– Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының бітімгерлік күштерінің негізгі миссиясы – стратегиялық нысандарды күзету. Стратегиялық нысандарды ОДКБ әскерилері қорғағандықтан, біздің қарулы күштерімізге террористер көп шоғырланған Алматы қаласы мен Алматы облысында еркін қимылдап, олардың көзін жоюға мүмкіндік берді. Жағдай тұрақталған соң миссиясы аяқталады. Бірден өз елдеріне қайтады. Осы сәтті пайдаланып айта кетейін, ертең Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен ОДКБ-ның кезектен тыс сессиясы онлайн форматта өтеді. Сол жиында Президент еліміздегі ахуал бойынша әріптестеріне толыққанды мәлімет береді. Ақорданың ресми сайтынан ақпарат күтіңіздер. Президент айтпақшы, жалған ақпараттарға сенбей, тек қана ресми мәлімет көздеріне сеніңіздер дегім келеді.

ЕЛДІГІМІЗДІ КӨРСЕТІП, ЕҢСЕМІЗДІ ТҮСІРМЕЙІК

10 ҚАҢТАР ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ

Елімізде жарияланған Жалпыұлттық аза тұту күніне орай ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен барлық мешіттерде Құран хатым дұғасы жасалды. Сауапты шараға еліміздің барлық өңірлеріндегі құлшылық ордалары біріге үн қосып, бүгін бір мезетте қайғылы оқиғада қаза тапқандардың рухына Құран бағышталды.

Елорда төріндегі республикалық «Әзірет Сұлтан» мешітінде Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған дін қызметкерлері Құран хатым дұғасына қатысып, Отан қорғау жолында опат болған сарбаздарымыз бен бейбіт тұрғындардың рухына Құран бағыштады. Мемлекетіміздің Көкбайрағы төмен түсіріліп, күллі Қазақстан халқы қайғыға шомған азалы күнде марқұмдардың артында қалған туыстары мен жақындарына көркем сабыр сұрап, Жаратушы Алладан жақсылық тіледі. Сауапты шарадан соң тілшілер қауымына берген сұхбатында Бас мүфти: «Біз өткен желтоқсан айында 2022 жылдың жұмыс жоспарын бекітіп, «1 күнде – 1 Құран хатым» жобасын қолға алған болатынбыз. Мақсатымыз – күн сайын Құранды толық оқып, еліміздің ертеңі үшін құрбан болған бабаларымыздың рухына бағыштау. Бүгін Жалпыұлттық аза тұту күнінде Отан үшін жанын берген азаматтарымыздың рухына арнайы Құран хатым дұғасын бағыштадық. Алла қабыл етсін! Оқиға кезінде оққа ұшқан бейбіт тұрғындарды Алла мейіріміне алғай. Жаратушы Иеміз жарақат алған жандардың тез арада сауығып кетуін тілейміз. Қиын сәтте әр азамат бірлігін танытып, өз тарапынан қолдау көрсетуде. Біз, дін қызметкерлері де күн сайын дұға жасаудамыз», – деп атап өтті.

* * * * *

ҚМДБ - ЕЛ ТҰРҒЫНДАРЫН ТЫНЫШТЫҚҚА ШАҚЫРАДЫ

Құрметті отандастар!

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы елдегі ахуалға алаңдаушылық білдіріп, ел тұрғындарын тыныштыққа шақырады. Мәселенің оң шешімін табуын тілеп, елдің тыныштығы үшін дұға жасауға үндейді. Өйткені біз үшін дәл қазіргі уақытта елдің амандығы, жұрттың тыныштығы қымбат.

Мұсылман қай кезде де бейбітшілікті, тыныштықты, татулықты өзіне серік етеді.

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «**Нағыз мұсылман – өзге мұсылмандарға тілімен де, қолымен де зиян тигізбеген адам**» деген болатын. Сондықтан бәріміз үшін осындай сын сағатта мемлекетіміздің тыныштығы, халқымыздың амандығы, тәуелсіздігіміздің баянды болмағы маңызды.

Қадірлі ағайын!

Халық арасындағы бірлігімізге сызат түсіретін жағдайға бой алдырмайық, арандатушылыққа жол бермейік. Сабырға келіп, бірлік сақтап, елдегі ахуалдың түзеліп, жағдайдың тұрақтануына сеп болайық. Ақтамберді жырау «Балаларыма өсиет: Қылмаңыздар кепиет, Бірлігіңнен айырылма, Бірлікте бар қасиет» деп жырлаған болатын.

Мұндай жағдайда өзара сенім білдіру, ақылға жүгіну, тәртіпсіздікке бой алдырмау аса маңызды. Себебі біздің елдің тірегі де, тілегі де – бейбітшілік пен береке-бірлік.

Дана халқымыз айтқандай, «Байлық байлық емес, бірлік – байлық». Алла Тағала халқымызды алауыздықтан сақтап, бірлігі жарасқан Мәңгілік Ел болуымызды нәсіп етпей! Жаратушы Иеміз елімізге құт-береке дарытсын!

tuityat.kz Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты.



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

АСА ҚАМҚОР ЕРЕКШЕ МЕЙІРІМДІ АЛЛАНЫҢ АТЫМЕН БАСТАЙМЫН!

Қадірлі қауым!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елде болған жағдайларға байланысты Қазақстан халқына үндеуін жариялап: «Біздің тарихымыздағы осы бір қиындықты тез арада еңсеретінімізге ешқандай күмән жоқ. Ең бастысы, болашақта мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек. Қастерлі Отанымыз – Қазақстан әлем картасындағы егемен ел ретінде қуатты мемлекетке айналады, экономикамыз анағұрлым қарқынды дамиды, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайы жақсара түседі. Мен мұны зор сеніммен айтып тұрмын» деп атап өтті. Президентіміздің халыққа жолдаған Үндеуі еңсесі түскен елдің рухын көтеріп, жұртымыздың жігерін оятты. Қасым-Жомарт Кемелұлы сын сағатта сабыр сақтап, ұстамдылық танытқан ұлтымызға айрықша алғысын білдірді.

Осы ретте біз де бірлігін көрсеткен барша жамағатқа ризашылық білдіреміз. Осы күндерде, яғни халқымыздың басына күн туған шақта мұсылман жамағаты елдің бірлігі мен тыныштығы үшін дұға жасауда. Сонымен қатар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан тағы басқа елдердегі дін қайраткерлері жұма намазында біздің халқымыз үшін дұға етіп, игі ниеттерін білдіруде. Алла разы болсын! Алла Тағала бұл сынақтан да аман өтуді нәсіп етсін.

ҚҰРМЕТТІ ЖАМАҒАТ!

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ел тұрғындарын қазіргі жағдайға байланысты жалған ақпараттар мен жалған ұрандарға алданып, арандап қалмауға үндейді. Біз үшін дәл қазіргі уақытта елдің амандығы, жұрттың тыныштығы қымбат. Мұсылман қай кезде де бейбітшілікті, тыныштықты, татулықты өзіне серік етеді. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «**Нағыз мұсылман – өзге мұсылмандарға тілімен де, қолымен де зиян тигізбеген адам**» деген болатын. Сондықтан бәріміз үшін осындай сын сағатта мемлекетіміздің тыныштығы, халқымыздың амандығы, тәуелсіздігіміздің баянды болмағы маңызды.

Алла Тағала Құранда «Бақара» сүресінің 191-аятында былай дейді: «**Бүлік шығару – кісі өлтіруден де ауыр іс**».

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «**Фитна (бүлік шығару) –**

ұйықтап жатқан нәрсе, оны оятқанға Алла қарғыс атсын», – деген.

Өйткені бүліктің соңы жақсылыққа алып бармайды. Мұндай бүліктер елдің тыныштығын, қоғамның тұрақтылығын бұзады.

Сонымен қатар, бүліктің салдары қоғамға, мемлекет экономикасына кері әсерін тигізеді. Нәтижесінде зардабын мемлекет пен халық тартады. Ал мұсылман адам қоғамға зиянын емес, пайдасын тигізуі керек.

Ардақты ағайын!

Жуырда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Шеруге қатысудың үкімі жайында пәтуа қабылдады. Шеру кезінде мемлекет пен жеке тұлғалардың жылжытын және жылжымайтын мүліктеріне зиян келтірілмеу (жағу, сындыру, тонау т.б.) керек. Шерудің соңы бүлікке, арандатуға алып барса, ондай шеруге шығу – үлкен күнә, харам. Біз қашан да Ислам діні тыныштық орнаған қоғамда ғана өркендейтінін насихат жұмыстарында айтып келеміз. Өздеріңізге белгілі, елдің қауіпсіздігі үшін мешіттерімізде жұма намазын оқуға шектеу қойылды. Халқымыз елде тұрақтылық болған кезде ғана еркін құлшылық жасауға болатынын түсініп, осы жағдайлардан сабақ алды деп ойлаймын.

Құрметті отандастар!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы тәуелсіздігімізге қатер төнген сын сағатта шұғыл шешім қабылдап әрі батыл қадамға барып, содырлардың озбырлық әрекетінен елімізді аман алып қалды. Аллаға шексіз шүкір айтамыз.

Жаратушы Жаббар Иеміз Отан алдындағы борышын өтеу кезінде опат болған сарбаздарымызды мейіріміне бөлеп, иманын өзіне серік етпей. Марқұмдардың туыстарына қайғыра көңіл айтамыз. Ал жарақат алған жандардың тез арада сауығып кетуін тілейміз.

Ендігі мақсат – елдігімізді көрсетіп, халық болып, Президентіміздің бастамаларына қолдау көрсетіп, ынтымағы мығым жұрт екенімізді тағы да әлемдік қауымдастық алдында паш ету. Елдігімізді көрсетіп, еңсемізді түсірмейік. Бірлігі мықты еліміздің тәуелсіздігіне ешкім де нұқсан келтіре алмайды. Біз – біргеміз!

Алла Тағала елімізге амандық, халқымызға тыныштық нәсіп етіп, тәуелсіздігімізді баянды етпей. Әмин!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Әскери және қызметтік борышын Алмалы ауданы полиция басқармасының атқару үстінде көрсеткен батылдығы мен көлік жүргізуші-полицейі жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғау кезінде жасаған ерлігі үшін наградталсын:

II дәрежелі «Айбын» орденімен

**ӘДІЛБАЙ ДАСТАН
ӘДІЛБАЙҰЛЫ**

(марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Жамбыл облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы

**БАРҒАНАЕВ ДАРХАН
ЕРМЕКҰЛЫ**

(марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті жедел қимылдау арнайы жасағының инспекторы

**ЖАҒАЛБАЕВ ЖАНДОС
МҰХТАРҰЛЫ**

(марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының аға офицері

**КАБДИНОВ АНДРЕЙ
ВЯЧЕСЛАВОВИЧ**

(марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының кафедра бастығы

**СЛАНБЕКОВ РАХАТ
НҰРБАЙҰЛЫ**

(марқұм) – Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Тараз қаласы полиция басқармасының 1-бөлімінің учаскелік инспекторы;

III дәрежелі «Айбын» орденімен

**АЛМАСОВ НҰРБОЛСЫН
ҒАНИҰЛЫ**

(марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы қаласы Полиция департаментінің көлік жүргізуші-полицейі

**АМАНОВ АЙБАТ
ЕРБОЛУЛЫ**

(марқұм) – Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 5514 әскери бөлімінің әскери қызметшісі

**АСЫЛХАНОВ АЛЕН
МҰХИТҰЛЫ**

(марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы қаласы Полиция департаменті

**ӘДІЛХАН ЖАЙЫҚ
ҰҒҰЛҚАНҰЛЫ**

(марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының бөлімше командирі

**БІТІМ МЕЙІРХАН
ЕРЖАНҰЛЫ**

(марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсанты

**ЕРЖАНОВ ЕРБОЛ
ТІЛЕУБЕКҰЛЫ**

(марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті ЛА-155/16 мекемесінің аға бақылаушысы

**ЖҰПАРБЕКОВ ДӘУЛЕТ
БАУЫРЖАНҰЛЫ**

(марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсанты

**ҚАЙСАРОВ МАДИЯР
ОРАЗАЛЫҰЛЫ**

(марқұм) – Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 5547 әскери бөлімінің әскери қызметшісі

**ҚАМБЕТОВ РИНАТ
ТАЛҒАТҰЛЫ**

(марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының Полиция департаменті Алмалы ауданы полиция басқармасының көлік жүргізуші-полицейі

**СМАЙЫЛҚАНОВ ҒАБДОЛЛА
ҒАЛЫМҰЛЫ**

(марқұм) – Қорғаныс министрлігі 21751 әскери бөлімінің маманы (операторы);

«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен

НҰРКЕНОВ ӘДІЛ ДУЛАТҰЛЫ

(марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кіші жедел уәкілі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев
Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 9 қаңтар, № 753

ЕЛІМІЗДЕ ОРЫН АЛҒАН ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ ҮНДЕУІ

ҚАДІРЛІ БАУЫРЛАР!

Біз – әдебиет және өнер қайраткерлері, елдегі жағдайға үлкен алаңдаушылық білдіріп, келесіні мәлімдейміз.

Елімізде қалыптасып отырған қоғамдық-саяси жағдай өте күрделі.

Іштен шыққан жау мен сырттан соққан жаудың қитұрқы әрекеттерінің нәтижесінде ел іші бүлініп, қалаларымыз қирап, стратегиялық нысандарымыз отқа оранып, бейбіт тұрғындарымыз зардап шегіп жатыр.

Ірі сауда орталықтары тоналып, банктер мен қоғамдық орындар талқандалып, жарамсыз болып қалды.

Сұлу Алматымыз әлі күнге дейін қара түтінге тұншығып тұр. Тұрғындарымыздың көзінде үрей, жүрегінде алаң орнап алды.

Сырттан мұздай қаруланған экстремистік топтар ел ішін ала тайдай бүлдіріп, тыныш өмірімізге ойран салды.

Мұндай сұмдық оқиғаларды Қазақстан бұрын-соңды көрген емес.

Өздерінің пасық мүдделері үшін халық пен қалаларды құрбандыққа шала салуға да бара салатын зымиян адамдардың мұндай өрескел әрекеттерін зиялы, көзі ашық азаматтар көріп отыр және қатаң айыптауда.

Сондықтан осындай алағай да бұлағай шақта, еліміз үшін тарихи сын сағатта біз заңды түрде сайланған, барлық құзыретті қолына алған Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қасына топтасып, бірлесе қимылдап, елдегі жағдайды тұрақтандыруға тиіспіз.

Және күллі Алаш жұртын бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір болуға шақырамыз!

Қолымыздағы ең қасиетті, ең киелі деп саналатын ардақты Тәуелсіздігімізді сақтап қалайық! Ел аман болсын!

Құрметпен: Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев, Сейіт Қасқабасов, Нұрғали Нүсіпжанов, Дулат Исабеков, Кәдірбек Сегізбаев, Бексұлтан Нұржекеев, Темірхан Медетбек, Жабал Ерғалиев, Молдахмет Қаназов, Алтынбек Қоразбаев, Досхан Жолжақсынов, Ұлықбек Есдәулет, Талғат Теменов, Секен Тұрысбеков, Несіпбек Айтұлы, Жүрсін Ерман, Роза Рымбаева, Мереке Құлқенов, Құлбек Ерғөбек, Кенжехан Матыжанов, Анар Фазылжан, Бауыржан Жақып, Дүкен Мәсімхан, Бекжан Тұрыс, Маралтай Райымбекұлы, Дәурен Қуат, Сәкен Сыбанбай, Бақыт Беделхан, Мейрамбек Бесбаев, Дәулеткерей Кәпұлы, Ерғали Әбдірайым, Ақберен Елгезек, Серік Ақсұңқарұлы, Тұрсын Жұртбай, Бауыржан Бабажанұлы, Елена Әбдіхалықова, Мәди Айымбетов, Толымбек Әбдірайым, Елмұра Жаңабергенова, Асхат Маемиров

**ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ -
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ**

Еліміздегі болып жатқан тұрақсыздыққа себепкер болған жағдайлар баршамызға мәлім. Оның салдары халыққа оңайға соққан жоқ. Сондықтан елімізде төтенше жағдай жарияланды. Мемлекет басшысы еліміздің тұрақтылығы мен тыныштығын сақтау мақсатында тез арада шешім қабылдап, халыққа үндеу жариялады.

Халқымыз елдегі орын алған қиын жағдайда Мемлекет басшысына қолдау көрсетіп, арандатушылық, жаман үгіт-насихаттардан аулақ болса, ауызбіршілік пен тұтастығымыздың бекем болары анық.

Болашақта мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек», деп, Президент үндеуінде нақтылап айтып өтті.

Сол себепті Мемлекет басшысының халыққа жариялаған үндеуінің маңызы орасан зор.

Тарих қойнауына үңілсек халқымыздың басынан талай мәрте қиындықтар өткені бәріне аян. Сол қиын-қыстау кезеңдерден өткен қазақ халқы, бүгінгі таңдағы осындай келеңсіз жағдайларға тосқауыл қоя білетіні сөзсіз. Еліміздің тәуелсіздігін, тыныштығын сақтау ел азаматтарының борышы.

Жұмағали ЕРГЕШБАЕВ,

Білім беруді жаңғырту орталығының әдіскері

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй. Тапсырыс 11. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.